

Білім беру ұйымы: «Кирдищев атындағы мектеп-балабақшасы» КММ

Мектепалды даярлық: даярлық тобы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 1-апта «Қыркүйек» айы 01.09-02.09.2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.09	Жұма 02.09
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
<i>Таңертеңгі жаттығу</i>	<i>Таңертеңгі жаттығу кешені</i>				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)				Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Балаларға Жұмбақ жасыру. Қысқы табиғат құбылыстары туралы.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Автобус жүргізуші» Мақсаты: Балаларды жүргізуші мамандығы туралы біледі, еңбекті сүйеге, қоршаған ортаға сүйіспеншілік пен қарайды.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ				Қазақ тілі Тақырып: Менің балабақшам Балаларды өз бала-бақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету, грамматикалық формада және байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Көркем әдебиет Тақырып: Білімің – бұлағың А.Шаяхметов Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Математика негіздері Тақырыбы: Кеңістікте ж/е қағаз бетінде бағдарлау Кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Музыка Тақырыбы: Білімің-бұлағың	Математика негіздері Тақырыбы: Кеңістікте ж/е қағаз бетінде бағдарлау Кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Қазақ тілі Тақырып: Балабақша бөлмелері Балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру Музыка Тақырыбы: Білімің-бұлағың (музыка тыңдау, ән айту) Дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды. Күй тыңдайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды.

				(музыка тыңдау, ән айту) Дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды. Күй тыңдайды, музыкалық тіркес-терге сәйкес қимылдарды орындайды.	
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс				Ертегіні дыбыстай білуге үйрету..	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Кирдишев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Мектепалды даярлық: дайындық тобы

Балалардың жасы: 5-6

Жоспардың құрылу кезеңі:1-апта «Қыркүйек» айы 04.09-08.09.2023 жыл

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес,әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б)	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын: Балалармен әңгімелесу: «Күз» мезгілі туралы	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын: Шаштараз Мақсаты: Шаштараз кәсі-бінің қыр-сырларын түсі-неді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы біледі.Пішіндерді атайды, ажыратады,салыстырады.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Қапшық-тан неше ойыншық алдың?» Мақсаты: Балалар ойыншық-тар туралы айтады,оларға сипаттама береді.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кел танысайық! Алғашқы күн. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып: Дыбыс Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету.Ұқыпты-лыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу Дене шынықтыру	Көркем әдебиет Тақырып: Кішкентай бағбан М.Төрежанов Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту.Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып: Дыбыс пен сөз. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауы-сын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен	Математика негіздері Тақырып: Біреу – көп «бір»сөзінің мағына-сымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу.Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қол-дың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу Сауат ашу негіздері	Қазақ тілі Тақырып: Біздің топ Не?Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту,сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Көркем әдебиет Тақырып: : Кішкентай бағбан М.Төрежанов Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұн-дауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту.Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Математика негіздері	Математика негіздері Тақырып: Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Дара заттарды бөлуді үйре-ту; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру;«бір» (біреу) терминдері, бір заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиын-тығын және «бірнеше» («көп») топтың жиынтығын білдіретіндігін ұғындыру. Заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.Зейін мен ойлау, қорытынды жасау,есте сақтау,сөйлеу қабілеттерін

	<p>Тақырып: Спортзал. Кеністікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шығармашылық: «Сурет салу»</p> <p>Тақырып: Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаш) Ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу</p>	<p>естілетінін түсіндіру. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Спортзалда ойнаймыз Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Бізді не қоршап тұр? Өзіндік тәжірибеалдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. Қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу; әлемді өз бетінше тануға баулу.</p>	<p>Тақырып: Сөз Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Денсаулықтың құпиялары. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуге баулу. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырып: Кел танысайық! Алғашқы күн. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Тақырып: Біреу – көп «бір»сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байла-ныстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қол-дың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу</p> <p>Музыка Тақырып: Нота үйренейік Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекет-терін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру</p>	<p>дамыту. Шыдамдылыққа т/у</p> <p>Қазақ тілі Тақырып: Біз балабақшада не істейміз? Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Табиғатта не өзгерді? Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау. Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақырып: Нота үйренейік Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекет-терін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың му-зыкаға деген қызығушылығын арттыру</p>
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Түстерді айтуға үйрету.	Қарандашты пайдалануға үйрету.	Дөңгелек пішін салуға үйрету.	Ертегіні дыбыстай білуге үйрету..	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. .
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Мекиепалды даярлық: дайындық тобы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2-апта «Қыркүйек» айы 11.09.-15.09.2023 жыл

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Балалармен әңгімелесу: «Күз» мезгілі туралы	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Шаштараз Мақсаты: Шаштараз кәсі-бінің қыр-сырларын түсінеді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы біледі. Пішін-дерді атайды, ажыратады, салыстырады.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» Мақсаты: Балалар ойыншықтар туралы айтады, оларға сипаттама береді.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің досым. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу Сауат ашу негіздері Тақырып: Сөз. Сөздің мағынасы. Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету. Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға	Көркем әдебиет Тақырып: Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі) Ертегіні баяндауда сю-жеттік бірізділікті сақ-тау, қисынды мазмұн-дауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы бала-ларды еңбексүйгіштікке тәрб. у. Сауат ашу Тақырып: Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз? Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге	Математика негіздері Тақырып: Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Дара заттарды бөлуді үйрету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру; «бір» (біреу) термин-дері, бір заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиын-тығын және «бірнеше» («көп») топ-тың жиынтығын білді-ретіндігін ұғындыру. Зат-тарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық бай-ланыстар мен заңдылықтар-	Қазақ тілі Тақырып: Балабақша қызметкерлері Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстар-ды дұрыс айтуға жаттықтыру. Үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырып: Шаруа мен аю Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырып: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры 1/2 цифрларымен таныстыру; заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмей-тін «артық» затты ерекшелеу. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. Қазақ тілі Тақырып: Менің ойыншық-

	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Күлкі сыйла. Бала ағзасын төзімді, мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу. Мейірімділікке, әрқашанда көмекке дайын болуға, өзінің бойындағы теріс әдеттерден арыла білуге тәрбиелеу</p> <p>Шығармашылық: «Мүсіндеу»</p> <p>Тақырып: Жеміс бағында Пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, жемістерді мүсіндеу; бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу</p>	<p>жаттықтыру. Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқып-тылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Біз күшті және ержүректіміз. Дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдіктерін сақтап, орындық үстімен жүруді бекіту. Бұлшық ет қорсеті мен омыртқаның иілім-ділігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау; стрет-чинг – омыртқаның қи-саюның алдын алу. Салауатты өмір салтын сақтауға баулу</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Нан қайдан келеді? Танымдық-ізденістік жұмыстарға деген талпынысын күшейту. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету.</p>	<p>ды орнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шыдамдылыққа т/у</p> <p>Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауысты дыбыстар. Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Мен ойнаған-ды жақсы көремін. Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізе-сіне таянып еңбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырып: Менің досым. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу</p>	<p>Математика негіздері Тақырып: 1 саны және цифры. 2 саны және цифры 1/2 цифрларымен таныстыру; заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес кел-мейтін «артық» затты ерекшелеу. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимыл-дарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақырып: Көңілді ырғақтар. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Көңілді әуенге қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>тарым Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз? Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу</p> <p>Музыка Тақырып: Көңілді ырғақтар. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Көңілді әуенге қызығушылықтарын арттыру.</p>
--	---	---	--	--	---

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Түстерді айтуға үйрету.	Қарандашты пайдалануға үйрету.	Дөңгелек пішін салуға үйрету.	Ертегіні дыбыстай білуге үйрету..	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. .
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Мектепалды даярлық: дайындық тобы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта «Қыркүйек» айы 18.09-22.09.2023 жыл

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
<i>Таңертеңгі жаттығу</i>	<i>Таңертеңгі жаттығу кешені</i>				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б)	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын: Балалармен әңгімелесу: «Күз» мезгілі туралы	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын:« Шаштараз » Мақсаты: Шаштараз кәсібінің қыр-сырларын түсі-неді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы біледі.Пішін-дерді атайды, ажыратады, салыстырады.	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» Мақсаты:Балалар ойыншықтар туралы айтады, оларға сипаттама береді.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле Сауат ашу негіздері Тақырып: Жуан дауысты дыбыстар.	Көркем әдебиет Тақырып: Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) Мұзафар Әлімбаев Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған	Математика негіздері Тақырып: 3саны және цифры. 4саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі	Қазақ тілі Тақырып: Менің сүйікті ойыншығым Ойыншықтар туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Көркем әдебиет Тақырып: Театр әлемінде Балаларға театр туралы түсінік	Математика негіздері Тақырып: 3 саны және цифры. 4 саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойын-ша «артық» затты ерекшелу.Зейін, есте сақтау,

	<p>Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру. Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту. Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Керуен (таза ауада) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу</p> <p>Шығармашылық: «Жапсыру» Тақырып: Көшедегі үйлер Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу</p>	<p>қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл күй-мен мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу Тақырып: Жіңішке дауысты дыбыстар. Жіңішке дауысты дыбыстарды есте сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Бадминтон, футбол. Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру; осы</p>	<p>бойынша «артық» зат-ты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу негіздері Тақырып: Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін бекіту. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыра-туға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Күзгі орманда. Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырып: Менің сүйік-ті ойыншығым. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп,</p>	<p>беру, қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру; балалардың өз ойын айта білуге үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Математика негіздері Тақырып: 3 саны және цифры. 4 саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақырып: Біздің аспаптар Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қазақ тілі Тақырып: Алтын күз Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы тура-лы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру</p> <p>Музыка Тақырып: Біздің аспаптар Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына</p>
--	---	--	---	---	--

		мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу	ұжыммен ойнауға тәрбиеле		деген қызығушылығын арттыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Түстерді айтуға үйрету.	Қарандашты пайдалануға үйрету.	Дөңгелек пішін салуға үйрету.	Ертегіні дыбыстай білуге үйрету..	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. .
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Мектепалды даярлық: дайындық тобы

Балалардың жасы: 5-6

Жоспардың құрылу кезеңі: 4 апта «Қыркүйек» айы 25.09-29.09.2023 ж

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б)	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Балалармен әңгімелесу: «Күз» мезгілі туралы	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын:« Шаштараз » Мақсаты: Шаштараз кәсібінің қыр-сырларын түсінеді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы біледі. Пішін-дерді атайды, ажыратады, салыстырады.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» Мақсаты: Балалар ойыншықтар туралы айтады, оларға сипаттама береді.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күз бояуы. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын	Көркем әдебиет Тақырып: Театр әлемінде Балаларға театр туралы түсінік беру, қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру; балалардың өз ойын айта білуге үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырып: 5, 6 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағды-сын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заң-дылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту. Шыдамдылық	Қазақ тілі Тақырып: Көгөністер Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Көркем әдебиет Тақырып: Мақтаншақ қоян» ертегісі (киімелі қуыршақ театры) Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу	Математика негіздері Тақырып: 7, 8, 9 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ мото-рикасын дамыту. Шыдамдылыққа

	<p>суреттерді таба білу қабілетте-рін дамыту.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Ұлттық ойындар (таза ауада) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік күзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шығармашылық: «Құрастыру» Тақырып: Ұшақ</p> <p>Құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;ұшақты құрастыру-да оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; өзінің іс-</p>	<p>Сауат ашу Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілетте-рін дамыту.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Ұлттық ойындар (таза ауада) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік күзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Ағаш және бұта Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай</p>	<p>а тәрб-у. Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілетте-рін дамыту.Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырып: Қалай спортшы болуға болады? Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырып: Күз бояуы. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту</p>	<p>дағды-ларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуө ге үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу</p> <p>Математика негіздері Тақырып: 5,6 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру;5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету.Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту.Шыдамдылыққа тәрб-у.</p> <p>Музыка Тақырып: «Күзгі серуен» Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру.Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>тәрбиелеу. Қазақ тілі Тақырып: Жемістер Жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру.Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлемін сүюге баулу.</p> <p>Музыка Тақырып: «Күзгі серуен» Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.Музыка сипатына</p>
--	--	--	---	---	--

	әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптас-тыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу	(жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру	арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.		сәйкес ойын әрекеттерін орындау.Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру.Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Түстерді айтуға үйрету.	Қарандашты пайдалануға үйрету.	Дөңгелек пішін салуға үйрету.	Ертегіні дыбыстай білуге үйрету..	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. .
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Мектепалды даярлық: дайындық тобы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 1 апта «Қазан» 2.10-6.10.2023

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Балалармен әңгімелесу: «Күз» мезгілі туралы	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз кәсі-бінің қыр-сырларын түсі-неді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы біледі. Пішін-дерді атайды, ажыратады, салыстырады.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» Мақсаты: Балалар ойыншықтар туралы айтады, оларға сипаттама береді.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің атам Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата	Көркем әдебиет Тақырып: Мақтаншақ қоян» ертегісі (киілімелі қуыршақ театры) Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағды-ларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекетін орындай білуге үйрету,	Математика негіздері Тақырып: 7,8,9 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7,8,9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қазақ тілі Тақырып: Жидектер Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Көркем әдебиет Тақырып: «Түлкі мен тырна» ертегісі (көлеңке театры) Көлеңке театры және оған қолданылатын қажетті құралдарды қалай пайдалануын үй-рету; сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыландыру;	Математика негіздері Тақырып: 10 саны 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Қазақ тілі Тақырып: Ойнайық та

	<p>білуге дағдыландыру. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Менің сүйікті жануарларым. Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелеу.</p> <p>Шығармашылық: «Сурет салу»</p> <p>Тақырып: Күзгі орман (Акварель бояу) Мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу</p> <p>Сауат ашу</p> <p>Тақырып: Біз нені үйрендік?</p> <p>Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру. Мұқияттылыққа тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Дене қабілеттерін дамыту. Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелеу.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тақырып: Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>Тақырып: Біз нені үйрендік?</p> <p>Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Тақырып: Доппен ойнап, көңіліңді көтер!</p> <p>Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қоғам мен балалар ұжымының маңызды бір бөлігі екенін сезіндіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырып: Менің атам</p> <p>Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға</p>	<p>адамгершілікке, достық қарым-қатынасты бағалай білуге, шығармашылыққа тәр. у</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Тақырып: 10 саны</p> <p>10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырып: Күз – жомарт. Күзгі жаңбыр.</p> <p>Күйші шығармашылығымен таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін</p>	<p>ойлайық</p> <p>Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Тақырып: Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?</p> <p>Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырып: Күз – жомарт. Күзгі жаңбыр.</p> <p>Күйші шығармашылығымен таныстыру. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,</p>
--	--	---	---	--	---

			тәрбиелеу.	орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту.	әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Түстерді айтуға үйрету.	Қарандашты пайдалануға үйрету.	Дөңгелек пішін салуға үйрету.	Ертегіні дыбыстай білуге үйрету..	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету. .
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу.				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Мектепалды даярлық: дайындық тобы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2-апта «Қазан» 09.10.-13.10. 2023 ж

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес,әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б)	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын: Балалармен әңгімелесу: «Күз» мезгілі туралы	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын:« Шаштараз » Мақсаты: Шаштараз кәсі-бінің қыр-сырларын түсі-неді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	Құрлымдалған ойын «Апта күндері» Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды.	Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын:«Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пі-шіндер жайлы біледі.Пішін-дерді атайды, ажыратады, салыстырады.	Педагогтың жетекшілі-гімен жүргізілетін ойын: Дидактикалық ойын: «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» Мақсаты:Балалар ойын-шықтар туралы айтады, оларға сипаттама береді.
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету.Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорла-рын дамыту.Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып:Қатаң дауыссыз дыбыстар Қатаң дауыссыздарды	Көркем әдебиет Тақырып: «Түлкі мен тырна» ертегісі(көлеңке театры) Көлеңке театры және оған қолданылатын қажетті құралдарды қалай пайдалануын үй-рету; сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыланды-ру; адамгершілікке, достық қарым-қатынасты	Математика негіздері Тақырып: Заттарды өлшемі бойынша салыстыру Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық –	Қазақ тілі Тақырып: Неше? Санау Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырып: «Тегін сыйлық» (сахналау) Балалардың бойында адамгершілік нормаларын қалыптастыру; түрлі эмоцияларды, ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттерін қайталап көрсете	Математика негіздері Тақырып: Ұзындық. Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.Шыдамдылыққа

